



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

22.02.2024 ж.

№ 31, 6-т.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының мүшелік ұйымдарының қызметін жыл сайынғы бағалау жүйесінің 2023 жылғы қорытындысы туралы.

Кәсіподақ ОК аппаратының ұйымдастыру жұмысы бөлімінің басшысы Е.С. Иманбаевтың мүшелік ұйымдардың қызметін жыл сайынғы бағалау қорытындысын шығару жөніндегі ақпаратын тыңдап, талқылай отырып, Атқару Комитеті бұл шара кәсіподақ ұйымдарының оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім саласы қызметкерлерінің әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау, кәсіподақ қозғалысын одан әрі дамыту және нығайту жөніндегі жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында жүргізіліп жатқанын атап өтті.

Кәсіподақтың мүшелік ұйымдары қызметін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы ережесінің 4.4-тармағына сәйкес Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының мүшелік ұйымдарының қызметін жыл сайынғы бағалау жүйесінің 2023 жылғы қорытындылары бекітілсін. (Бағалау критерийлері қоса беріледі).

2. Жүлде қорының сомасы және мүшелік ұйымдардың рейтингтік бағаға сәйкес жүлделі орындары келесідей тәртіппен белгіленсін:

I орын – «Жамбыл облысының оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ;

II орын – «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Павлодар облыстық ұйымы» ҚБ;

III орын – «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағының Абай облыстық кәсіподақ ұйымы».

3. Салтанатты марапаттау рәсімі Орталық комитеттің кезекті отырысында өткізілсін.

4. Орталық кәсіподақ комитетінің аппараты Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының мүшелік ұйымдарының қызметіне жыл сайынғы бағалау жүргізу критерийлеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жобасын пысықтасын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау кәсіподақ төрағасының орынбасары В. Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева